

Традиционная культура составляет ядро китайской идентичности. «Чувство принадлежности к великой и самой древней китайской цивилизации является условием самоуважения и идентичности абсолютного числа китайцев... Высокая степень адаптивности китайской культуры в отношениях с другими культурами, её способность к самообновлению во многом связаны с тем, что в Китае со времён Конфуция способность человека к учёбе и самосовершенствованию рассматривается главным критерием цивилизованности и нравственной самооценки» [6]. «...Верность базовым цивилизационным основам общества позволяет сохранить его идентичность, смягчает для народа трудности крутых перемен, а использование имеющегося исторического опыта облегчает для власти проведение модернизации» [7]. В нашей статье мы рассмотрели важные теоретические постулаты модернизации Китая с элементами традиции, исходя из выше сказанного, можно сделать вывод, что опыт модернизации китайского образца свидетельствует о стремлении китайского руководства построения своих собственных моделей развития, при этом, не забывая и о важности традиции и накопленный опыт предыдущего поколения. Традиционализм китайской культуры лежит в основе развития Китая,

который модернизируется с новыми задачами сменяющихся поколений, но их приверженность всегда остается неизменной.

\*\*\*

1. Бергер Я. М. Модернизация и традиции Китая // <http://russ-chinfrien.narod.ru>
2. Верисоцкая Е. В. Вестернизация, национальная идея и реалии японской политики в эпоху Мэйцзи. Владивосток: Изд-во ДВГУ, 2005.- С. 75.
3. Виноградов А.В. Китайская модель модернизации: поиски новой идентичности. – М., 2008. – 363 с.
4. Титаренко М. Китай на марше// <http://www.ifes-ras.ru>
5. Линь Яньмай. Формирование культуры гармоничного социалистического общества// Проблемы Дальнего Востока. - М., 2008. - № 1. - С.145
6. Просеков С. А. Проблемы социокультурной трансформации незападных обществ на примере Китая. - М., 2001. - С.18
7. Яковлев. А. Страны Востока: конец модернизации и выбор цели развития// Азия и Африка сегодня.- М., 2008. - № 6. - С.3

\*\*\*

Мақалада Қытай өркениетінің қазіргі даму кезеңіндегі идеологиясы және жаңғырту үдерістерінде Қытай елінің көне дәстүрлерінің ықпалы қарастырылады.

\*\*\*

This article examines the ideological line of the current leadership, which is caused by a combination of modern culture and the finest achievements of traditional Chinese culture. Analyze the influence of the ancient traditions of China's current model of China's modernization.

## Ж.Б. Момынкүлов

### ТҮРІК-ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ДАМУЫ (1999-2005 жылдар)

Екі-жақты қатынастардың негіздері: Қытай мен Түркия арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар Түркияның Париждегі Төтенше және Өкілетті елшісі Хасан Есат Ышык пен Қытай Халық Республикасының Париждегі Төтенше және Өкілетті елшісі Хуаң-Чен арасында 1971 жылдың 4 тамызында қол қойылған хаттамамен орнатылды. Аталмыш хаттамаға сай, «тәуелсіздік, егемендік, ішкі істерге араласпау, тең құқылық, аумақтардың бөлінбестігі және екіжақты мүдделерді қорғау принциптері шеңберінде, бүгіннен бастап дипломатиялық қарым-қатынастардың орнатылуы жөнінде шешім қабылданды». Осы дипломатиялық құжатқа қол қойылғаннан бергі, соңғы 35 жыл ішінде Түркиядағы әртүрлі саяси орталарда аталмыш мәселе жөнінде қызу пікірталастар орын алды. Мұндай пікірталастар Қытай Халық Республикасымен орнатылған дипломатиялық қатынастардың Түркияға қандай пайда әкелетіндігі немесе оған қандай шығын келтіретіндігі төңірегінде, яғни, ұлттық мүдделер тұрасында өрбі-

ді. Алайда пікірталастардың нәтижесінде, Қытаймен арадағы дипломатиялық қарым-қатынастардың орналытуының негізгі себебі көмескі, құпия болып қала берді.

Сол кезеңдегі әлемдік уақиғаларға бір көз жүгіртсек, АҚШ әскерінің Вьетнамда ұзақ уақытқа қалуы және Кеңес Одағының барған сайын күшейе түсуімен бірге, Вашингтон геосаясат саласында қиын да күрделі мәселелермен бетпе-бет қалды. Осындай жағымсыз, тиімсіз жағдайды өзгерту үшін Ричард Никсонның Үкіметі ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі Генри Киинджердің айтқан ақылымен Вьетнамнан шығу және Кеңестер Одағына қарсы Қытайды стратегиялық серіктес ретінде таңдау саясатын ұстана бастады. Вашингтонның Қытайға қатысты жаңа саясаты көптеген мемлекеттің Бейжіңді тануына түрткі болды.

Аталмыш халықаралық конъюктуралық өзгерістің орын алуымен, Анкара да Қытаймен дипломатиялық қарым-қатынас орнатуға шешім қабылдады және Киссинджердің Қытайға жаса-

ған тарихи сапары аяқталысымен, 1971 жылдың 4 тамызында қос тарап екіжақты келісім жасасып, іс жүзінде екіжақты қатынастар орнатты. Негізінде, Түркия Қытай үшін бөтен, таңсық ел емес-тін. 1960 жылдары Түркияда Америкаға қарсы ұйымдастырылған ереуілдерге Қытай Коммунист Жастар Ұйымының басшысы Ху Яобаң (Қытай коммунистік партиясының бұрынғы басшысы) және Қытайдағы мұсылман қауымының басшысы Борхан Шәхиди (Шығыс Түркістанның бұрынғы бас хатшысы) баяндама жасап, өз пікірлерін білдіру арқылы қолдау көрсеткен еді. Қытай коммунистік партиясының белді тұлғасы Реньмин Рибоа да арнайы мақала жариялау арқылы Түркияға қолдау көрсеткен еді.

Қырғи-қабақ соғыстан кейін, 1995 жылы Түрік Республикасының 9-шы президенті Сулейман Демирель Қытай Халық Республикасына сапар жасап, екіжақты қатынастарды белгілі бір деңгейге көтеріп тастады. Саяси қарым-қатынастар тек екіжақты байланыстар шеңберімен ғана шектеліп қалмай, аймақтық және әлемдік тақырыптар жөнінде де пікір алмасуды да қамтыды. Сауда қарым-қатынастарында ауыз толтырып айтарлық ірі ілгерілеу байқалмаса да, Түркияның мүддесіне сәйкес келетін екіжақты сауда қатынастарының іргетасы қаланды. Аталмыш жағдай 1990 жылдардан бастап, дами бастады. Күнімізде Қытайдың мүддесіне сай келетін екіжақты сауда ынтымақтастығы өз жемістерін беруде. Қорғаныс және әскери саладағы қарым-қатынастар 90-жылдардан бастап дами бастады және 1996 жылы шарықтау шегіне жетті.

Түркия-Қытай қарым-қатынастарының басты мәселелері: түрік-қытай қарым-қатынастарының дамуымен бірге, кейбір мәселелер де бой көтере бастаған еді. Қос мемлекеттің ұлттық мүдделері бірдей болуына қарамастан, олардың ұлттық мақсаттары бірдей емес еді. Әрине, екеуінің бірнеше салаларда ортақ мүдделестігі бар еді. Бірақ, сыртқы саясат саласындағы басымдықтары бір-бірімен үйлеспейтін еді. Халықаралық мәселелерге қатысты көзқарастары мен ұстанымдарының бір бөлігі бірдей емес. Сәйкес келетін ұстанымдарының болуына қарамастан жүргізген саясаттары да әртүрлі еді. Қос мемлекетті де қызықтыратын аймақтық мәселелер төңірегінде теориялық ынтымақтастық жасауға мүмкіндік бола тұра, бүгінге дейін аталмыш тақырыпта нақты ілгерілеу байқалмады.

Сауда-экономикалық қарым-қатынастар да Түркияның мүддесіне қарама-қайшы дамуда. 1980 жылдары екіжақты сауда қатынастарды дамыту мақсатына да қол жеткізіле алмады.

Тіпті, қос тараптың бірге ойластырған, үшінші мемлекетке немесе аймаққа бағытталу стратегиясы да іске асқан жоқ. Десек те, әскери қатынастар барған сайын дами бастады. Осы ілгерілеулермен бірге, Түркияның онша дайын еместігін көрсеткен Шығыс Түркістан мәселесі де екіжақты қатынастарды тығырыққа тіреді. Әсіресе, Түркияның бизнес өкілдері Шығыс Түркістан мәселесін екіжақты сауда қарым-қатынастардың дамуына негізгі кедергіні деп түсінді [1, 1].

1998 жылдың мамыр айында, сол кездің Премьер-Министрінің орынбасары Бүлент Еджевиттің Қытайға жасаған сапарынан бастап, екіжақты қарым-қатынастарда көбінесе сауда және Шығыс Түркістан мәселелері басымдыққа ие бола бастады. Қытайдың аталмыш мәселеге деген сезімталдығын түсінген Түркия Үкіметі 1998 жылдың желтоқсанында Түркиядағы Шығыс Түркістан сепаратистік топтарына қамқорлық жасауды көздеген № 36 –шы құпия үкімді жариялайды. Анкара жылдам қарқынмен дами бастаған Қытайды, Түркияның Азия-Тынық мұхиты аймақтық саясатындағы сенімді серіктесі ретінде қабылдады. Қытай Халық Конгресінің бас хатшысы Ли Пеннің 1999 жылғы және Қытай мемлекетінің басшысы Жьяң Земиннің 2000 жылғы Түркияға жасаған сапарлары барысында Шығыс Түркістан белсенділеріне қарсы іс-шаралардың атқаралып жатқандығы және Түркияда Қытайды бөлуді көздеген топтарға тыйым салынғандығы жөнінде кепіл берілген еді. Бұған қоса, Қытайдың талап етуімен, 2000 жылы Түркия үкіметі сол кездегі Ішкі Істер Министрі Садеттин Тантанды Қытайға жіберіп, қылмыстылардың қайтарылуына қатысты келісімге қол қойды. Қос мемлекеттің президенттері Сулейман Демирель мен Жьяң Земин арасында лаңкестікке қарсы ортақ декларация қабылданып, жария етілді. Анкара өз кезегінде екіжақты қарым-қатынастарды датытуға үлкен үлес қосқаны үшін Жьянг Земинге алқа/медаль берді. ДСП, АНАП және МХП партияларынан құралған Үкіметтің жұмыс бағдарламасына «Қытай Халық Республикасымен қарым-қатынастарымыздың жан-жақты дамытылуына ерекше көңіл бөлінеді» деген сөз тіркесі еңгізілді. Премьер-Министрдің орынбасары Девлет Бахчелидің 2002 жылдың маусым айында Қытайға жасаған сапары арқылы Түркияның ұстанымы ашық көрсетілген еді. 1999-2002 жылдарының арасындағы кезең Түркия мпен Қытай арасындағы қарым-қатынастардың шарықтау шегі еді. Алайда бұлардың барлығына қарамастан Түркияның мүдделері толық жүзеге асқан жоқ.

*Түркия-Қытай қарым-қатынастары:*

*Түркияның мүдделері.*

1. Қытайдың халықаралық деңгейдегі ықпалы: Түркия Қытайдың Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі болатыны, барған сайын даму үстіндегі Қытайдың 2030-2050 жылдарында АҚШ-ты артқа тастап, әлемдегі ең қуатты алпауыт елге айналатынын болжайды. Қытаймен қарым-қатынастарды дамыту арқылы, Түркия өзінің халықаралық мүдделерін қорғауды мақсат тұтып отыр.

2. Саудадағы мүдделер: Бүгінгі таңда Қытай сауда саласында әлемдегі ең үлкен үшінші елге және алтыншы экономикалық күшке айналып отыр. Дүниежүзілік халық санының 1/5 бөлігін құрап, әлемдегі ең үлкен нарыққа айналып отыр. Түркия Қытай нарығынан өзіне тиесілі үлесті алуды жоспарлап отыр.

3. Күрдтер-ПКК мәселесі және Солтүстік Кипр мәселесі: Түркия өзінің қауіпсіздігін және Солтүстік Кипрдағы өз мүдделерін қорғау мақсатында халықаралық дәрежеде Қытай тарапынан қолдау табуға мәжбүр болды.

4. Зымырандар және әуе-ғарыштық технологиялар саласындағы ынтымақтастық: Түркия әлемдегі ең тұрықсыз, қауіпті аймақтардың тура ортасында орналасып, зымырандарға ие көрші мемлекеттермен қоршалған. Әскери тепе-теңдікті орнату мақсатындағы мұндай стратегиялық қару түрлеріне қол жеткізу Түркияның қауіпсіздігі үшін өте үлкен маңызға ие мәселе болып отыр. Осы салада екі мемлекет арасында 1996 жылы ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылды [2, 1].

Түркияның өзінің аталмыш мүдделерін жүзеге асыруы үшін Қытаймен жақын қарым-қатынасты қамтамасыз етуі қажет. Алайда, даму үстіндегі Қытай экономикалық өрлеуі, әскери күш-қуаты мен халықаралық сахнадағы ықпалын Түркиямен бөлісуге ниет танытып отырған жоқ. Күрдтер-ПКК мен Солтүстік Кипр мәселелерінде Қытай әдетінше ұстамдылық танытуда; тіпті, Қытай тарапы ПКК-ны, яғни күрдтер мәселесін Шығыс Түркістан мәселесімен тепе-тең, бірдей қарастырып, Түркияға ескертулер жасауға тырысты. Екі мемлекеттің экономикалық қатынастары бір-бірін толықтырумен қатар, өздерінің өндірген тауарларын өткізу ісінде бір нарықта/аймақта бәсекелесуге мәжбүр болып отыр. Қытайдың арзан жұмысшы күшімен және арзан бағаларымен Түркия бәсекелесе алмайды. Сондай-ақ, Қытаймен арадағы сауда қарым-қатынастарында мынадай кедергілер орын алуда: екі мемлекеттің сауда туралы заңдарының әркелкі болуы, Қытайдың сауданы жүзеге асырудың арнайы қарым-қатынас ережелерін білмеуі (мойындамауы) және ең бастысы,

Түркияның Қытайда жұмыс істейтін әлемнің ең мықты 500 кәсіпорнының 400-мен бәсекелесе алмауы сияқты себептер бар. 2002 жылдың тамызынан бастап, АҚШ-тың қысым көрсетуімен Қытай Үкіметі Зымырандар және әуе-ғарыштық технологиялар тасымалына (трансфертіне) заң арқылы тосқауыл қойды. Бұл жағдай, Түркия-Қытай арасындағы Зымырандар және әуе-ғарыштық технологиялар жөніндегі ынтымақтастықтың, әіресе, орта қашықтықты және қатты отынды зымырандар тақырыбындағы ықпалдастығының ары қарай қалай өрбитіндігі турасындағы сұрақты ойға оралтады.

*Түркия-Қытай қарым-қатынастары: Қытайдың мүдделері.*

1. Түркияның айрықша стратегиялық орналасуы: Геостратегиялық тұрғыда аса тиімді орналасқан Түркияның көңілін табудың, Қытайдың ең үлкен алпауыт ел болу туралы арманының жүзеге асуы үшін үлкен маңызы бар екені рас. Қытай, Түркияны пайдалана отыра, геосаясаттық ұғымда бәсекелестерінің (АҚШ, ЕО, Ресей және Үндістан) Бейжіңге қауіп төндіруіне тосқауыл қоя алар еді. Түркиямен жақсы қарым-қатынаста болуы Қытайдың Еуразиядағы ықпалын одан ары арттыратыны мәлім.

2. Орталық Азия және Таяу Шығыс аймақтарындағы энергетикалық ынтымақтастық: Қытайдың экономикалық қуатының артуымен қатар энергетиканы тұтыну да жылдам өсіп келеді. Қытай өзіне қажетті тұтынатын мұнайдың 40% пайызын импорттау жолымен қамтамасыз етіп келеді. Қытайдың сырттан импорттайтын мұнайының 60% пайызы Таяу Шығыс аймағынан, ал 20% пайызы Орталық Азия мен Шығыс Каспий аймағынан әкелінетіні белгілі жайт. Қытай қос аймақтағы энергетикалық мүдделерін жүзеге асыруы үшін сол аймақтағы бір ықпалды мемлекетпен ынтымақтастық жасасуға міндетті болып отыр. Аталмыш аймақтың энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ең тиімді мемлекеттердің бірі – Түркия [3, 3].

3. Аймақтық шекара қауіпсіздігі: Қытайдың Шығыс Түркістандағы сепаратистік топтардың іс-әрекеттерінің алдын алуы, оларды жоюы және мемлекет қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуі үшін Түркияның қолдауына қажеттілік байқалады. Шығыс түркістандықтар мұсылман түркі тілді халық болып табылады және саяси басқару саласын санамағанда басқа барлық гуманитарлық салаларда Орталық Азия мен Түркия халықтарымен тепе-тең, бірдей. Осы себепті, Шығыс Түркістан Қытайды осы аймақтардан ажырататын және оның үстіне осы аймақтарды бір-бірімен байланыстыратын аймақ ретінде жерүсті және жерасты байлықтарымен стратегиялық маңызға ие болып отыр. Шығыс

Түркістан сегіз мемлекетпен шекаралас. Сонымен қатар, оның саяси қауіпсіздігі де маңызды мәселе болып табылады. Шығыс Түркістан солтүстігі, батысы және оңтүстігі биік таулармен қоршалған: бұл жағдай әскери қорғаныс тұрғысынан маңызда жерде орналасқандығын көрсетеді. Яғни тарихтың көрсеткеніндей, қуатты Қытай Шығыс Түркістанның осы стратегиялық айрықшалығын пайдаланып, әр дәйім Орталық Азия мемлекеттеріне бағытталған терең стратегиялық саясатын жалғастыра беретін болады. Алайда Қытай үшін стратегиялық маңызға ие осы бір аймақ, оның бәсекелесі үшін де дәл сондай маңызды орынға ие екені рас.

Десек те Қытайдың Түркияға аландаулы екені мәлім. Түркияның тарихы өткені, Түркияның әртүрлі мүдделер шоғырланған аймақтарда (Балкан, Таяу Шығыс, Кавказ және Орталық Азия) әлеуетті-потенциалды күшке айналуы, Батыспен интеграциялануы және НАТО-ға мүше болуы сияқты ерекшеліктері Қытайдың Түркияға деген сенімін әлсіретері сөзсіз. Қытай Түркия мен АҚШ-тың Таяу Шығыста немесе Орта Азияда бірге ынтымақтастық жасасуынан, Түркияның Еуропа Одағына мүше болуымен бірге Еуропа Одағының шығыс шекарасының Орталық Азияға дейін созылып, Қытайдың аймақтағы мүдделеріне қауіп төндіретінінен қауіптенеді. Қытайдың Түркияны Шанхай Ынтымақтастық Ұйымынан аластатуы да осы қауіптенуінің бір көрінісі. Қытай қазіргі таңда, Түркияның Шығыс Түркістан мәселесін көздір ретінде қолдануын болжап, одан расында қауіптеніп отыр. Шығыс Түркістанның Түркиядағы саяси топтары 1998 жылы желтоқсан айында құпия үкімнің шығуынан кейін Батыс елдеріне өтіп кетті. Осылайша саяси ұғымда, Шығыс Түркістан мәселесі Түркиядан алыстады деп айтуға болады [4, 7].

Жаңа кезеңдегі жаңа қатынастар: Қытайдың өрлеуі ХХІ ғасырдың ең айтулы ірі уақиғаларының бірі болып саналады. Қытайдың өрлеуі Батыстың саяси және қоғамдық құндылықтарынан ерекше болды, ол Азияның саяси және экономикалық тепеңдігін өзгертумен ғана шектелмейді, сонымен қатар, екінші дүниежүзілік соғыстан бастап осы кезге дейін қалыптастырылған халықаралық жүйеге де әсер етеді. Реализмнің принциптеріне сәйкес, кез келген жаңа дамушы күш бұрыннан бергі гегемонияның күшін жояды. Адамзаттың соңғы 500 жылғы тарихы бұған дәлел бола алады. Осы тұрғыдан алғанда Қытайдың күшеюі Түркия үшін де өте маңызды құбылыс болмақ. Қытайдың барған сайынғы нығаюы АҚШ сияқты державалардың мазамын алуда. Қытай Үкіметі Жаңа Қауіпсіздік Тұжырымдамасы және Бей-

бітшіл Өрлеу сияқты атауларды қолданып аталмыш алпауыт елдерді қаншалықты тыныштандыруға тырысқанымен, олардың үрейлері мен күдіктері сейілмейді. Қытаймен бірге Бразилия және Үндістан сияқты елдер де тез дамуда және бұған қоса Ресей, Еуропа Одағы және АҚШ сияқты саяси күштер де бар. Қысқасы, әлемнің көп полярлы, көпорталықты жүйеге қарай жылжып бара жатқандығы анық [5, 4].

Аталмыш елдердің келешекте дүниежүзілік жүйені қалыптастыратыны да ақиқат. Осы кезеңде Балкан түбегінде, Таяу Шығыс аумағында, Кавказда және Орталық Азияда конъюктуралық өзгерістерден гөрі құрылымдық өзгерістер көбірек орын алуда. Бұл өзгерістер Түркияға жан-жақты әсер етуі мүмкін. Түркия аталмыш құбылыстар мен өзгерістерге бағыт бере алмаса да, олардан өзіне тиесілі үлесін алуға тырысып бағуда. Осы мүдделерін қамтамасыз етуі үшін Түркия жоғарыда аттары аталған алып елдердің әрбір басқан қадамын жіті бақылауға тиісті және соған қарай өзінің стратегиялық жоспарларын құруға міндетті.

Түркияның ұлттық мүдделерінің үлкен бөлігі Батыста шоғырланғандығы рас. Түркияның саяси, экономикалық және ұлттық қауіпсіздігі көбінесе АҚШ пен Еуропа құрлығымен байланысты. Түркияның екінші деңгейдегі ұлттық мүддесі - оның қызығушылығы мен пайдасын қамтитын салалар екені анық. Үшінші деңгейдегі мүдделеріне келсек, Түркияның ұлттық мүдделеріне қатысы бар елдер: Ресей, Қытай және Үндістан сияқты өзге саяси күштер. Десек те, бұл «қатып қалған жағдай» емес, уақыт пен кеңістікке қарай кейбір саяси күштер Түркия үшін анағұрлым маңыздырақ сипат алуы мүмкін. АҚШ және Еуропа Одағы Түркияның мүддесіне жататын аймақтарға қалай ықпал жасай алатын болса, Ресей, Қытай және Үндістан да дәл солай ықпал жасауға әлеуетті, яғни күш-қуаты жетерлік. Түркия бірінші деңгейдегі мемлекеттермен (АҚШ және Еуропа Одағы) екіжақты қарым-қатынастарын ары қарай дамытуы мүмкін, екінші және үшінші деңгейдегі елдермен көпжақты ынтымақтастық қатынастарын дамытуы мүмкін. Жағдайдың өзгеруіне байланысты екіжақты және көптарапты ынтымақтастықты бірге қолға алуы мүмкін.

Тарихқа қарасақ, екіжақты жақсы қарым-қатынастардың ортақ мүдделестік негізінде құрылатындығы белгілі. Ортақ мүдделер белгілі саясат, экономика, қауіпсіздік, идеология және мәдениет салаларында негізгі фактор болуы тиіс. Түркия мен Қытай арасындағы қатынастар ортақ мүдделестіктен гөрі, ізгі ниеттестік қарым-қатынастарына негізделген. Ізгі ниетті

болу әр уақытта екіжақты сенімділікті қамтамасыз етпейді. Осы себепті 1999 жылдан осы кезге дейін орнатылған түрік – қытай қарым-қатынастары айтарлықтай жоғарғы деңгейге көтеріле алмай келеді. Түркия мен Қытай қарым-қатынастарының ортақ мүдделер негізінде құрылуы және сол ортақ мүдделерді анықтау қажет. Анықталған мүдделердің үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін кейбір саяси құралдардың дамытылуы тиісті.

\*\*\*

1. East Turkestan-Turkish FM Set to visit China Next Month, UNPO, February 1, 2005

2. Çin Türkiyenin Çinin tekstil ürünlerine uyguladığı sınırlamayı dikkatle izliyor, Çin Uluslararası merkezi, 2 Şubat 2005

3. Çin Başbakanı Wen Jiabao Abdullah Gül ile görüştü, Çin Uluslararası merkezi, 2 Şubat 2005

4. Chinese FM Holds Talks With Turkish guest, People's Daily, 2005

5. Türk-Çin İlişkilerinin Gelişmesi. 22/8/2006 - <http://savunmastrateji.blogcu.com/turk-cin-iliskilerinin-gelismesi/481827>

\*\*\*

В данной статье автор рассматривает процесс развития политических отношений Турции с Китайской Народной Республикой до 2005 года. Автором статьи дается анализ основных проблем и вопросов турецко-китайских отношений.

\*\*\*

In this article evolution of Turkey and China political relations till 2005 is considered. In this article Turkish-Chinese relations are analyzed in detail.

### А.Т. Мухаметрахимова

#### СУЩНОСТЬ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ И ЕЕ ВЛИЯНИЕ НА РАЗВИТИЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

Международная экологическая безопасность является важной предпосылкой устойчивого мирового развития. Существует достаточно немалое количество научных трудов, содержащих в себе различные концепции экологической безопасности. Однако, вполне очевидно, что экологическая безопасность – это состояние защищенности личности, общества и государства от последствий антропогенного воздействия на окружающую природную среду, а также стихийных бедствий и катастроф. Экологическая безопасность – это устойчивое состояние окружающей среды, обеспечивающее возможность улучшения качества жизни людей, защищенность от природных и техногенных катастроф, возможность стабильного прогресса общества и государства. Международная экологическая безопасность сравнительно новое понятие и оно возникло в конце 80-х годов, когда во многих развитых странах, пересматривая концепцию безопасности, включали в нее не только традиционные военные, но и нетрадиционные угрозы, среди которых экологическая была одной из основных. На сессии Генеральной Ассамблеи ООН в 1987 году СССР выступил с резолюцией о международной экологической безопасности, а затем годом позже предложил международный режим экологической безопасности и основные инструменты его реализации. Эти инициативы Советского Союза были во многом реакцией на Чернобыльскую катастрофу и желанием продемонстрировать

международному сообществу новые подходы к вопросам экологии. В мировом сообществе к тому же одновременно начала формироваться новая экологическая политика, а также развиваться экологическое общественное движение и экологическая гласность, которые до того практически полностью отсутствовали. Совершенно очевидно, что международная экологическая безопасность непосредственно связана с необходимостью поддержания на международном уровне глобального природно-ресурсного потенциала и требуемого качества окружающей среды. Вполне вероятно и другое, что это условие не может быть реализовано без эффективного взаимодействия международного и национального правовых механизмов, отвечающих нормам международного права в части безопасного использования природных ресурсов и их охраны. Требования международной экологической безопасности при этом, безусловно, должны доминировать в национальном природоохранном законодательстве. В научной литературе имеются различные концепции и доктрины отношения общества к природе. Это, например, концепция потребительского отношения к природе, суть которой заключается в том, что природные ресурсы могут неограниченно извлекаться для развития материального производства. В противоположность, которой, концепция невмешательства в природу основывается на том, что не должны предприниматься попытки изменить ее в интересах развития общества. Более поздние концепции ограниче-